



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан

Оглавление

1. Ағарыс Балнұр Болатқызы	2
2. Асылбекова Дильназ	5
3. Бахытжанқызы Ақжан	7
4. Ерполат Қанат	9
5. Ислам Жұлдыз	16
6. Қаратаева Аружан	20
7. Мұратова Гүлдана	23
8. Өмірсерік Ербол.....	25
9. Пахреддин Сания.....	29
10. Сағатова Феруза.....	31
11. Ұзақбаева Аяжан	33
12. Шахмұрат Бағжан Бағланқызы.....	35

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ағарыс Балнұр Болатқызы

10«а» сынып, №170 қазақ орта мектебі

Қызылорда облысы, Өйтеке би кенті

Жетекшісі: Көшекбаева Жадыра

E-mail: kz_sch_170@mail.ru

Тәуелсіз ел - мәңгілік ел!

Туған жерімізде тәуелсіздік таңы атып, теңдік тұғырына ту тіккелі, еліміз егемендігін алып, сан ғасыр бойы сарыла күткен ата-бабамыздың еңсесін тіктеп еркіндікке қол жеткізгелі міне, жиырма бес жыл. Бүгінгі таңда бейбіт бірлігі мығым, бақытты ел болуымыз – халқымыздың қайтпас-қайсар, ержүректігінің арқасы. Қазақ елі жиырма бес жылда шұңқыры мен терең шыңыраудан, шытырманы көп шырғалаңнан шығып, жүйесіз орналасқан жоталардан мүдірмей өтіп, өзінің бекемдігі мен берік ынтымақтастығының ыдырамас бірлігінің арқасында биік – биік белестерді бағындырғаны баршамызға белгілі. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жоғары жетістіктерге жетті. Ауыз толтырып айтарлықтай жайт Қазақстан Азияның жүрегіне айналды. Қазақстандағы сәулет өнерінің туындылары “Бәйтерек”, “Хан шатыры”, “Шабыт” шығармашылық сарайы, тағы басқа да көз тартар зәулім ғимараттар шетелдіктердің қызығушылығын арттыруда. Яғни еліміз жиырма бес жыл ішінде үлкен биіктерді бағындырды. Алдағы уақытта Қазақ елі – әлемде қайталанбас ең бай мемлекет дәрежесіне көтерілмек.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Жиырма бес жыл ішінде Қазақ елі нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеді. Қазақ елі ең мықты елдермен қарым – қатынас орнатты. Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары, азаматшалары үшін орны ерекше мереке. Себебі осынау жүрек жарды қуанышқа толы күнді ата – бабаларымыз ғасырлар бойы армандады, күтумен өтті. Осыдан ширек ғасыр бұрын Тәуелсіздіктің елең – алаң сәтінде Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: “Тәуелсіздік біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап тусуіміз керек – Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымымызда” – деген еді. Арада жиырма бес жыл өткен уақыт бедерінен қарағанда, бұл пікірдің бәсі төмендемейді. “Еңселі ел бола алдық па?” - деген мәңгілік сауалға жауап іздеу арқылы біз әрдайым биіктерге ұмтыламыз. Қазақстан Республикасының Президентінің баспа сөз қызметі мен “Егеменді Қазақстан” республикалық газеті акционерлік қоғамы еліміздің Тәуелсіздік жылдарындағы ең бір жарқын кезеңдермен аймақты мезеттерін ашып көрсетуге арналған “25 жылдың 25 сәті” атты бірлескен жобасы жүзеге асыруда қолға алды. Оның аясында жарық көретін мақалаларда егемендікке қол жеткізген осы ширек ғасырлық мерзім ішінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтің басшылығымен еліміздің асқан асулары мен жеткен жетістіктері, әлемдік деңгейде атқарған

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

айтулы шаралар мен республиканың кемел келешегін қамтамасыз етуге бағытталған шаруалары – ел өміріндегі, халық тағдырындағы маңызды сәттері мүмкіндігінше ашылып талдап көрсетілді. Әлбетте, бүгінде жаһан жұрты танып үлгерген, халықаралық қауымдастық арасында зор беделге ие, алдына әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына енуді мақсат етіп қойған Қазақстанның 25 жылдық тарихында біздің бәріміз қуана еске алатын, сүйене сөз ететін жарқын беттер, шырайлы сәттер, маңызды мезеттер бұдан әлдеқайда көп. Алайда, жобаның мақсаты осының барлығын ғасырға бергісіз 25 жылдың бел-белестеріндегі 25 сәттің қауызына сыйдыра баяндап берудің, түгел тоқталудың орайы келмеді. Ал таңдаулылардың топтамасынан табылған осынау 25 мезеттің бедерінде еліміз үшін Тәуелсіздіктің арайлы ақ таңы атқан шақты әңгімелейтін көсем сөзден бастап, Президенттің алғаш рет БҰҰ - ның мінберінен сөз сөйлеген кезін, еліміздің құрыш қалқан-дербес Қарулы күштерінің құрылған мезгілін, Қазақ елінің тұңғыш елтаңбасы мен Ән ұраны қабылданған күндері, ата-жұртқа арналған қандастарды қарсы алудың қуанышты сәті, тәуелсіз мемлекеттің төл ақшасы-теңгенің айналымға шыққан кезі, ел байтағының Алматыдан Астанаға көшірілген бетбұрысты бедерін, шекаралық шептердің шегіндеп шығуы. Астананың халықаралық тұсаукесері, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы, Азат елдің Ата заңы қабылданды, Астана саммиті, Қазақстанның тұңғыш жер серігінің ұшырылуы, индустриялық революция сияқты еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына үлкен үлес қосқан тарихи оқиғалар жайында сыр шертетін дүниелерде бар екендігін жасырмаған жөн. Елдің де, ердің де өмірінде ерекше есте қалатын аса қымбат күндер, ұлы оқиғалар болды. Тәуелсіздіктің жиырма бес жылында тарлан тарих таңғалған аса биік асулардан асқан Қазақстан тағы бір шыңға шықты. 2016 жылы 28 маусымда Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Бұл еліміздің басына бақ қонған бақытты күні! Бақытта оңай қонбайды. Ел мен ердің тарихы ұлы жеңісі – ең алдымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кемел ойлы, кең құлашты көрегендігінің, әлемдік деңгейдегі аса биік беделінің жемісі. Жаратқан иемнің Нұрсұлтан атамызға жомарттықпен сыйлаған сом алтындай сан қырлы таланттының жемісі. Қазақ елінің жеңісі көш бастаған кемеңгер көсем, еңбеккер халқы бар Қазақ елі бүгіні бекем, келешегі кемел болуы Елбасымыздың төккен терінің нәтижесі.

Тәуелсіздік ғасырлардың алауынан жаралған,
Еркіндіктің, бостандықтың қайнарынан нәр алған.
Тәуелсіздік табан тіреп шыға білді сертінен,
Зар заманды, тар заманды айықтырды дертінен.

Иә, ендігі күні біздің мәңгілік ел екендігімізді бүкіл әлем мойындаған. Біз енді тар жол, тайғақ кешулерден өттік, жеріміздің кеңдігіндей көңілі кең дархан “Қазақ” деген халықпыз. Мемлекетіміздің берік іргетасын қалаған, тәуелсіздігімізді алған тұрмысы бай қуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ертеңіне сеніммен қарай білетін дербес және тәуелсіз ұлтпыз. Алда да солай бола береді. Асанқайғының армандаған “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” заманы қазақтың басына енді туды. Ол “Тәуелсіздік”. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Ол арман – Мәңгілік ел. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Бұл еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі болған Астана қаламызды тұрғыздық. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, Қазақ елінің ұлттық Идеясы – Мәңгілік ел! Көз қарашығымыздай сақтау мәңгі парызымыз!

Біз тәуелсіз елдің болашағымыз. Керегесі кең, ынтымағы жарасқан, бірлігі мықты қазақ елінің берік шаңырағында туып өскенбіз. Біздер тәуелсіз елдің тірегі болған терең білімді ұландармыз! Еңселі еліміздің болашағы біздің қолымызда. Әрбір қазақстандық жастар өз отаны алдындағы міндетті орындауға тиісті. Еліміздің болашақта дамуына әр азамат тыңғылықты істерімен үлес қосуы керек. Болашақ бүгіннен басталады. Мен де болашақта тәуелсіз елімнің көркеюіне, мәңгілік ел ретінде қарыштап дамуына өз септігімді тигізсем деймін. Алдағы уақытта өзге тілдерді білсемде қазақ тілім бір саты жоғары тұрады. Бүгінде қазақ тіліміздің аясы кеңейіп, өрісі өсіп, құлашы кеңге жайылып келеді. Қазақ еліміздің мәртебесін көтеріп, мәңгілік ел еткен қанымызға сіңген қазақ тіліміз! Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жастарымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын биікте желбіретіп білуіміз қажет. Өйткені, бабаларымыздың ұлан-байтақ жерін қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап қадірлегенін білеміз. Жастар, “Тәуелсіздік”, “Мәңгілік ел” ұғымдарының саналарына сіңіріп, қастерлеуге міндетті. Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік ел болу үшін бізде бәрі бар. Жаңартудың, өміршеңдіктің негізі жастар. Бұл үшін азаматтар тәлім тәрбие мен ғылымға баса мән беріп, біліммен мықтап қарулануы тиіс. Елдің экономикалық, рухани жағдайы дамып, өркендеуі, ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттыру елдің білім деңгейімен де тығыз байланысты. Қазіргі кезде бұл бағытта нәтижелі жұмыстар атқарылып жатыр. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздер тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз-тәуелсіздік, тілегіміз-бірлік. Көк байрағымыздағы алтын қырандай еліміз қанатын кеңге жайып, асқар биіктерден көрінсін! Барды бағалап, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың көк байрағы әрдайым желбіресін. Мәңгілік елге бастаған Нұрлы жолымыз жарық болғай!

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Асылбекова Дильназ Райымбекқызы

8-сынып, № 275 орта мектеп,

Қызылорда облысы, Байқоңыр қ

Жетекші: Мендибаева Лаззат Алимжановна.

e-mail: Lazzat-06-67@mail.ru

Тәуелсіз Елім!

«Егеменді еліміздің ертеңі – біздерміз.

Тәуелсіздік Туын тігуге қаншалықты
қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай
сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек».

Н.Ә.Назарбаев.

Біздің ел – кең байтақ Қазақстан. Біздер - тәуелсіз, болашағы зор, еркін және күдіретті елдің азаматымыз. Осы Қазақстан деген атауға мен қатты қызығамын. Өйткені менің елімдей ел де, жер де жоқ. Сол еңселі елімнің шаңырағының астында дүниеге келгенім үшін ата-аналарыма мың алғыс! Мен елім үшін мақтана аламын.

Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабамыз білектің күшімен, найзаның ұшымен ұлтарақтай жер үшін жоңғар мен қалмаққа қарсы шайқасты.

Өз елім деп еңіреп өткен жырау мен жыршыларымыздың, ақын батырларымыздың, атап айтсақ, Асан қайғы, Доспамбет жырау, Махамбет Өтемісұлының есімдері мен ерен ерліктері болашақ жастардың есінде мәңгі сақталады. Және болашақ біз сияқты ұрпақты патриоттыққа тәрбиелейді.

Мысалы, ел үшін бір тудың астына жиналған өжет ерлердің ата қоныс үшін жан беріп, жан алып шайқасқан ерліктерін Махамбет ағамыз:

Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық,
Қиғаш үшін қырылдық,
Тептер үшін тебістік,
Теңдікті, малды бермедік,

Теңсіздік малға көнбедік, - деген жыр жолдары арқылы жауынгерлерге рух беріп, ерлік істерге шақырады.

Махамбет ағамыз сияқты еліміздің егемендігін аңсаған ақындарымыздың патриоттық өлеңдері жастардың бойына үлкен патриоттық сезімді, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Қазіргі заманда Махамбет ақынның ұлы арманы орындалды десем де қателеспеймін.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жазықсыз жала құрбаны болған, әр қазаққа «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты» деп күш, рух, дем берген, ақын ағамыз - Міржақып Дулатұлы «Жастарға» өлеңінде:

Халыққа, жастар, басшы бол!

Қараңғыда жетектеп,

Терең судан өтер ме,

Мың қойды серке бастамай? – деп өз елінің патриот жастарына басшы болып, еліңнің қамын ойлап жүр деп сенім еткен.

Тәуелсіз еліміздің көк туының астында, бейбіт өмірде, жас ұрпақтың шыңдалуына елбасымыз көп терін төгіп келеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Мен сендерге еліміздің тұғырлы ұрпағы, тамаша кәсіп иесі, адал патриоты болады деп үміт артамын. Сендерді мақтан ететіндей болайық, жас достар!» деген болатын.

Өз басым Қазақстан халқының азаматшасы болғаныма мыңда бір шүкіршілік етіп, қуанамын. Тәуелсіз елімнің күншуағы жастарға патриоттық рух, күш берсін!

Қазақстан - туған өлкем,

Жер көп пе сендей көркем.

Көрсін деп күллі әлемге,

Жалауыңды желге желпем, - дегендей Тәуелсіздік Жалауы мәңгілік жоғарыда тұрсын деп аяқтаймын.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бахытжанқызы Ақжан

6- сынып, №16 мектеп- лицей

Қызылорда облысы, Қазалы қаласы

Жетекші: Абдулла Алия Аманжолқызы

e-mail: aisu_alia@mail.ru

Мен-Отанымның патриотымын

Отан!

Отан!

Сен болмасаң нетер ем,

Құс ұясыз.

Жыртқыш інсіз болмайды

Отансыз жан өмірінде оңбайды.

Меніңше, өз Отанын мойындамайтын, қастерлей алмайтын, сатқын жан болуы мүмкін, бірақ Отансыз адам болуы мүмкін емес. Құста - ұя, жыртқышта – ін болса, менің өз үйім - Отаным! Ол қандай Отан? Ол- жүрегімді қуаныш кернеп, мақтанышпен айта алатын Отан! Ол - ешкімге бағынбайтын Отан! Ол - менің Қазақстаным! Ол - туған халқымның, ұлтымның қасиетті мекен еткен, ата – бабамның қоныс тепкен жері.

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,

Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.

Мен оның қасиетті тілін сүйем,

Мен оның құдіретті үнін сүйем, - деп ақын жырлағандай, мен де өзімді: «Отанымды сүйетін патриотпын» деп айта аламын. Елбасымыздың мына сөзі мен үшін қымбат: «Патриот - ол Қазақстанды шын сүйетін ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, бойында адалдық, ар-намыс, ізгілік қасиеттері бар, халқының дәстүрі мен Отанына деген сүйіспеншілігі мол адам». Мен жазып отырған жердің иесі- жас ұрпақ. Осы күнгі өскелең ұрпақ өткенін білмейді. Өткенін білмейтін ұрпақтың өресі тар болмақ. Сондықтан да мен ізденіп оқу арқылы тарихымды тануға, ұлттық құндылықтарымды қастерлеуге, ерлік иелеріндей болуға, жеткен жетістіктерімізбен мақтануға тырысамын.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ұлтты сүю, ең әуелі, ана тілді ардақтаудан, түпкі тегін, тарихын, салт-дәстүрін тани білуден басталады. Соның ішінде ана тіліміздің орны бөлек. Ол – халқымыздың атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жалғастырып келе жатқан баға жетпес рухани байлығы. Онда ұлтымыздың күллі қасиеті, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы қамтылып жатыр. Сондықтан ана тілді ұмыту – бүкіл ата-бабаларымызды, тарихымызды ұмытумен, жоғалтумен тең. Мен сан мың жылдық тарихқа ие болған ұлтымның - бай мәдениеті, көркем де айшықты, иірімді де икемді тілі бар, байырғы ұлттардың бірі болғанын мақтанышпен айтқым келеді.

VI-VII ғасырдың дана-данышпаны аталған ақылгөйі - Қорқыт сынды бабамыздың болғанын, адамзат тарихында Аристотелден кейінгі екінші ұстаз аталған ғалым Әбунасыр Әл-Фараби сынды ұлы ғұламаларымыздың болғанын, дала данышпандары – Асан қайғы, Бұқар, Ақтанберді жырау сынды көшпенді халықтың көреген көсемдерінің болғанын, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды, шешен де шежірелі ұлы тұлғаларымыздың болғанын, Қабанбай мен Бөгенбай, Наурызбайдай батырлардың болғанын, Ыбырай мен Ахметтей ұлылардың болғанын, Абай менен Жамбылдай ақындардың болғанын Әлия мен Мәншүктей апалардың болғанын, Қайрат пенен Ләззаттай қайсарлардың болғанын, Нұрсұлтандай көреген елбасымның болғанын мақтанышпен айтамын.

Қазақ ұлты өзге жұрттан несімен өзгешеленеді? Әрине, өзге жұртқа ұқсамайтын өзгеше тілі, салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихымен, өзге жұртта жоқ өзгеше ұлттық болмысымен ерекшеленеді. Ендеше жастарымыз өз ұлттық болмысын айқын танып, өзімізге тән ұлттық ерекшелігімізден, күллі қасиетімізден көз жазып, адасып қалмағаны оң. Халқымыз – ұзақ тарихқа, бай мәдениетке, айшықты көркем тілге ие, ізгі, инабатты, дәстүршіл халық. Ұлтымыздың осы қасиетін сақтап, қорғап, оған мұрагерлік етіп, оны одан әрі дамыту – бүгінгі ұрпақтың борышы. Бүгінде тарихтың қас-қағым сәті ішінде қазақ жерін барыс болып күзететін қиялда ғана елестетуге болатын Астанадай ғажайып Елорда шаһарын орнату сол бұрынғы тайпалардың бүгінгі ұрпақтарының қолынан ғана келгендігін мадақ ету еді! Айта берсек, тарихымыз өте көп және де ұмытарлықтай емес әрі әлі де қазақ елінде тек жақсы, мақтан тұтатындай тарихымыз жалғасуда. Менің елім мәңгілік! Мәңгілік ел жасасын! Осынау қазақ елінің барын мақтан тұтайық, егеменді елдің болашағын биік белестерге апара берейік достар!

Отан дейміз кең-байтақ астананы,
Жасылжайлау, жаңажол, жасқаланы.
Отанның шегі де жоқ, шегі де жоқ,

Ол бірақ өз үйіңнен басталады, - демекші Отансүйгіштік қасиетті маған отбасым дарытса, оны білім алып жатқан ордам жандандырып, тұтатты. Мен жүз жылдық тарихы бар М. Горький атындағы мектептің оқушысымын. Жанам деген кеуделерге от берген, мектебімді мақтан тұтамын. Мен – өз елімнің патриотымын. Мен алда еліме қызмет етіп, өз үлесімді қосамын.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ерполат Қанат

10 – сынып, №16 М.Горький атындағы мектеп – лицей

Қызылорда облысы, Қазалы қаласы

Жетекшісі: Қалжан Әлия Әлжанқызы

e-mail: aliya.kalzhan.63

Жырларым елімнің 25 жылдығына арналады

Тәуелсіздікке арнау

Қайрат ағамның -
Арымен келген.
Аналарымның –
Зарымен келген.
Сексен алтыда селк еткен дүлдүл
Жастарымыздың -
Жанымен келген.
Тәуелсіздік!

Боздақтарымның-
Бағымен келген .
Қарасы, сары,
Ағымен келген.
Аналарымның екі көзінен
Көл болып аққан
Қанымен келген.
Тәуелсіздік!

Білектердің -
Қолымен келген.
Жүректерілердің -
Жолымен келген.
Оңымен келген, солымен келген
Тәуелсіздік!

Тәуелсіздік!
Мен сені көрем,
Бұлтты аспаным ашылған кезде.
Ұйытқып соққан құм борандарым,
Бір ғана сәтте басылған кезде.

Тәуелсіздік!
Мен сені көрем,
Сәбилерімнің көзінен , шіркін!
Нағыз бақыттың өзінен, шіркін!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Балдан да тәтті бүлдірлеп шыққан,
Бүлдіршіндердің сөзінен, шіркін!

Тәуелсіздік!
Мен сені көрем,
Ақ көгершіннің қанаттарынан.
Болашақ үшін біліп ап жүрген,
Талантты жастың талаптарынан.

Тәуелсіздік!
Мен сені көрем,
Алатау, Алтай тауларынан да.
Жап – жасыл болып жайқалып өскен,
Қатонқарағай бауларынан да.

Тәуелсіздік!
Мен сені көрем,
Жұмыртқа тектес бәйтерігімнен.
Бәйтерек емес, көремін тіпті,
Кішкене ғана жәй терегінен.

Тәуелсіздік!
Мен сені көрем,
Қазақ елінің еркіндігінен.
Аспан мен Жерді байланыстыратын,
«Байқоңыр» дейтін жер кіндігінен.

Тәуелсіздік!
Мен сені көрем,
Батырлар басқан топырағымнан.
Парижден емес, Лондоннан емес,
Көремін сені Отыарымнан.

Тәуелсіздік!
Мен сені көрем,
Жыр шумағымның жылылығынан.
«Оян, қазақ» - деп оятып кеткен,
Мағжан атамның ұлылығынан.

Тәуелсіздік!
Мен сені көрем,
Ғажайып әлем Бурабайынан.
Шекспирден емес, Гетеден емес,
Көремін сені ұлы Абайымнан.

Тәуелсіздіктен жырламан басқа ән,
Тәуелсіздік – ол сарқылмас дастан.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тәуелсіздік – ол бақыт ғой үлкен
Бір қонса енді кетпейтін бастан.

Тарих толқыны

(Қазақ хандығының 550 жыл толуына байланысты жүректі жарып шыққан жыр)

Аша отырып тарихымның беттерін,
XIV ғасыр саған беттедім.
Керей мен Әз Жәнібек қосылып,
Құрған қазақ хандығының өткені .

Санап көрсем 550 жыл бопты.
Қазақ деген атағына жеткелі ,
Ғасыр бойы не көрмеді қазағым.
Азап көрді қысы, жазы, көктемі ,

Екі жүз жыл отар болды орысқа.
Жоңғарлардың жемі болды өйткені ,
Әлі есімнен кетер емес, кетпейді ,
Мың жеті жүз жиырма үштің көктемі .

«Қазақ» деген ұлтты сақтап қалсын деп,
Батыр берді бізге Алла көктегі.
Қабанбай мен Бөгенбайдай батырлар,
Қазақ үшін қанын жерге төккені.

Бес жыл бойы тылда еңбек атқарды
Екі қолда күрегі мен кетпені
Алғадай да алға шығып Абылай
Шарыш жанның басын алып кеткені.

Бейбіт, тату өмір болды тып – тыныш,
Әз Тәуке хан елге билік еткелі .
Барша алашқа бәрімізге белгілі ,
«Жеті жарғы» заңын жасап кеткені.

Орыстардың сансыз, шексіз салығы,
Қазақтарға безеу болды беттегі.
Жоңғарлардың жан аямас жасағы,
Жерде бөрі, қарға еді көктегі .

Жаны жадау жоңғарларды қазақтар,
Аңырақайда аңыратып жеңіп кеткені .
Әлі есімде, жаңғырып тұр шарқ ұрып,
Бұланды да бұрқыратып тепкені .

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Кенесары көтеріліс ашқанда,
Орыс тұрып салық санын шектеді .
Қалды тарих беттерінде мәңгілік,
Жәңгір ханның ашып кеткен мектебі .

Мың тоғыз жүз сексен алты «Желтоқсан»
Алаңына өршіл жастар беттеді.
Әлі есімнен кетер емес, кетпейді ,
Шаштан тартып, бастан ұрып, тепкені.

Дәл осы сәт түскен кезде есіме,
Билеп алады орасан зор кек мені .
Ел басына Нұрсұлтандай патша кеп,
Қазағымды таудан биік еткені.

Көтеріліп қазағымның еңсесі,
Барлық елмен тең деңгейге жеткені.
Дәл осындай мамыражай сөздерге ,
Тола берсін тарихымның беттері.

Рәміздерім мақтанышым

Рәмізім бар қуанамын сол үшін,
Талай ғасыр болмады ғой жолы шын .
Әнұраным, Елтаңбам, Көк байрағым,
Жеткіземін нысаныма қол ұшын .

Ғасыр бойы төзді қанша азапқа,
Мақтауға да ұшырады мазаққа.
Рәміздерім бәрінен де биік тұр,
Бақ – дәулетті берген құдай қазаққа.

Көк аспанда желбіреп тұр көк туым ,
Сол көк туға нұр – шуағын төкті күн.
Күн астына қанат қақты қыраным,
Қуанбаған мұнда қазақ жоқ бүгін.

Қандай бақыт өз туымды көргенім,
Бейнеленді ұлттық,алтын өрнегім.
Көк туымның тапталғанын көргенше,
Маған артық ұлтым үшін өлгенім.

Берді тағы Құдай бізге сый бүгін,
Сайрап тұр ғой күмбірлеген гимінім.
Көк байрағым көтерілсе тек көкке,
Ал Елтаңбам Қазақстан символы.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Елтаңбамыз еліміздің шырағы,
Шаңырағы қанатты асыл пырағы.
Қазақстандай тату елде өмір сүретін,
Мен боламын тәуелсіз ел ұланы.

Міне, бүгін, міне, бүгін ғажап күн
Мен еркінмін, тәуелсізбін, азатпын.
Рәмізімді қолыма алып көтердім,
Себебі мен қаны таза қазақпын!

**Ғани атаға арнау
(Ғани Мұратбаевтың 113 жылдығына орай)**

Тек сіз жайлы сыр шертіп толғағанда,
Ақиқат айтар болсам қолдар Алла .
Ғанидай атам бар деп мақтанамын,
Сұм ажал соншалықты оңбаған ба?!

Атамның...
Керек пе екен денесі сонда оларға?
Ғани атам шабытын аямайды.
Қанатын берік қағып қомдағанға,

Осындай ұлы тұлға ,ұлы жанды,
Бүгінгідей па ,шіркін қолдаған ба?!
Біз осылай шаттанып жүрмес едік,
Қазақта Ғани атам болмағанда.

Сөзіме сықылықтап күлсін мейлі ,
Тамырын жайған гүлсің мейлі .
Ар – ұждан ,ұят ,намыс адалдықтың,
Сөзін сөйлеп жақтаған үнсің мейлі.
Қазақтың жетім қалған перзенттері ,
Ізіңнен мәңгілікке жүрсін мейлі.
Ғани деп жазылғандай қан жүректе,
Лапылдап , лаулап мәңгі тұрсын мейлі .
Өзің жайлы көп ақын жырлаған ғой,
Сиясы әлі кеппеген жырсың мейлі.

Жүрегім әділдік деп дүрсілдейді,
Жүрегім тек шындық деп дүрсілдейді.
Өмірдің бастау алған ақ жолынан,
Мына Қанат ешқашан күрсінбейді.
Ғани атамның рухына бас иемін
Алашым білсін мені, білсін мені.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

**Ақын Зейнолла Шүкіровке
(арнау)**

Сыр бойының ақыны мақтанышы,
Сенім артқан елінің ақтап ісін.
Тағдырдың тауқыметін тартсаң-дағы,
Ақындардың ақ жолын сақтап жүрсің.

Аралдың зары менен мұңын жинап,
Ақ парақтың бетіне сақтап жүрсін.
Шәкірттерің, өскелең ұрпақтарың,
Сіз қалдырған аманатты ақтап жүрсін.

Сіз жазған өлеңдердің әрбір жолын,
Әрбір сөзін бұл қазақ жаттап жүрсін.
Өзіңді мына елің барша Алаш,
Дүйім жұртым, қазағым мақтап жүрсін.

Осындай ұлы тұлға, ұлы жанға,
Орнатар елі алтыннан аппақ мүсін.
Ақын сыйлау дәстүрі жалғас тауып,
Үлгі болсын баршаға осы ісім.

**Білім ордасы
(Ыбырай Алтынсарин атындағы № 204 мектептің 60 жылдық
мерейтойына)**

Алтынсарин жолын жалғап, нұрлы жолды бастаған,
Сол ұядан қанат қақты оқушылар, жас маман.
Бұл мектепте өтіп жатыр алпыс жылдық мерейтой,
Келіп жатыр талай адам осы тойды қоштаған.

Алтын сарай бой көтеріп, білім берді жастарға,
Шәкірттері үздік оқып қанат қақты аспанға.
Аты мәшһүр даңқы шыққан мына осындай мектепті,
Көрген сәтте мен қалайша арқау еткем дастанға.

Алтынсарин атындағы мына алтын ұяға,
Саған деген ыстық сезім бір өлеңге сия ма?
Ұстаздары білім беріп ең жоғарғы деңгейде,
Қазір міне қонып жүр ғой шәкірттері қияға.

Жақсылықтан бастау алып, сен даңқыңды асырдың,
!здену мен талаптандың тек білімге бас ұрдың.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ыбырайдай зор тұлғаның жолын жалғап ұстазы,
Шәкірттері аттанып жүр көшбасшысы әскердің.

Келген сәтте алғаш рет осы тұрған мектепке,
Ыстықтығын сезінгенмін болған кезде мектепте.
Алпыс жылдық мерейтойың құтты болсын ағайын,
Алтын ұям атың шықсын, даңқың шықсын тек көкке!

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ислам Жұлдыз

9-сынып, №139 орта мектебі

Қызылорда облысы, Сырдария ауданы

Жетекші: Рустембекова Жансая Асановна

E-mail : sirdaria139_kz@mail.ru

139-syr.mektebi.kz

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына
арналған шығарма**

Жоспар:

- I. Кіріспе**
Жаңа ғасырға аяқ басқан жаңа Қазақстан
- II. Негізгі бөлім**
 - А) Тарих беттерін парақтасақ...
 - Ә) Ұмытылмайды Желтоқсанның ызғары
- III. Қорытынды**
Қазақстан Тәуелсіздігі мәңгілікке

Адам баласы, адамзат қоғамы қашанда алдағы болатын оқиғаны әрі аңсай, әрі абыржи тосқан ғой. Әсіресе, ғасыр, мыңжылдық сынды, тарихта өшпес ізі қалатын межелі кезеңдер таянғанда қатты қобалжығаны рас. Үшінші мыңжылдыққа аяқ басу үшін де бір ғасыр бойы дұрыстап әзірленіп, әр қилы милленаристік қозғалыстарды бастапты.

Сарыуайымшылдар қауымы: «Киелі кітапта айтылатын қиямет-қайым деген орнаса, осы жолы орнайды. Жасаған күнәміз, істеген жаман істеріміз шашымыздан да асып кетті. Ол үшін күллі адамзат болып жауап беретін кезіміз енді келді», - деп қорқыпты. Қиялшылдар қауымы: «Жаратқанның жердегі, ақ желкенді кемемен жақсылық жағасына асыққан үмбетін тегіс жарылқайтын заманы енді орнайды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман орнауын талай күтсек, енді сол заманға аяқ бастық», - деп қуаныпты.

Сөйткен жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдық келді. Сол ғасырдың қызығын көріп өмір сүріп жатқан біз бір пендеміз. Сәуегейлер қанша күйқылжытқанмен, әзір бәрі бәз-баяғысынша. Таң орнынан атып тұр. Күн орнынан батып тұр. Қиямет-қайым болған жоқ.

Адамзат жиырмасыншы ғасырдың табалдырығын неше түрлі әлеуметтік алақызбалыққа ұрынып, еліре аттапты. Енді сол өткеннің бәрі су сепкендей басылды. Тәңірім, жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық табалдырығынан аттап отырған біздерді де қай-қайдағы әулекіліктерге ұрындырмай, етек жиып, ес түгендеп алуымызға мұрша бергізгей. Алтын уақытымыз тәуелсіз елдің бейбіт күндеріне ғана жұмсалсын деп тілейміз.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Төңірегімізге осы тұрғыдан көз тастасақ, көкте бір Төңірге, жерде бір өзіңе ғана сеніп, көреміс жарықты көріп, бұйырмыс ырзықты татып, сүйгізген ұрпағын сүйіп, өлшеулі ғұмырға пейіл болудан басқаның бәрі күпірлік екендігіне көзіміз тегіс жете бастағандай. Оған да шүкір дейміз. Көңілге медет қыларымыз тек бір бұл емес. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Өйтіп, біреуді көріп шүкір етіп, біреуді көріп пікір ету үшін де өткенге ой, бүгінге көз жіберуге тура келді. Ол үшін, ең алдымен, бір сауалға – бұл күнге қалай жеттік? – деген сауалға жауап іздеуіміз қажет сияқты.

Егер біз сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен көз жүгіртіп байқасақ, ежелден-ақ ата-бабаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Отанымызды қорғаған еліне деген сүйіспеншілігі, ерлер сияқты қолына қару алып, ат құлағында ойнап жүріп жауын жеңуі сақ қызы – Тұмар падишасының ерлік істері. «Маған туған жердің бір уыс топырағы да қымбат. Сонда енді не бар?!» деп тұрсындар ғой... Менде ел бар, менде жер бар, мен елімді-жерімді қорғадым, - деген Тұмар падиша осындай байтақ та бай дархан Отанымызды жұдырықтай жүрегіндегі ерлік сезіммен қорғағаны сөзсіз. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» - деп қыздарға сеніммен арқа сүйеген де, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан, ержүрек батыр қыздардың қазақ топырағында болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді. Сол аға-апаларымызды еске алсақ біз олармен мақтанамыз, ерліктеріне сүйсіне қараймыз.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінімізбен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз боламаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының қалыптасуын; ұлттық мемлекетіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап, жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген, кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімізге, халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан үлесін, батырларымыздың жер мен ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады.

Алла Тағала біздің елімізге осыншама кең жерді нәсіп еткенін түсінуге ұмтылсақ, ұшқан құстың қанаты талантын осынау ұлан ғайыр Алтай мен Атырау аралығын ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді.

Азаттық қазақтың ежелге арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың немесе бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды.

Ата дініміз ислам болғандықтан, мұсылмандық сабырлықпен, ұстамдылықпен соғысқан Кенесары жауынгерлері әуелі «Алла» деп, содан кейін «Абылай», «Ақжолтай» деп, өз ерлерінің қадірін бағалай біліп, ұранға айналдырғаны мәлім. Әруақтарын ұран қылғанда ол есімдерге Алланың ерекше нұры түскенін мойындап, сол арқылы сол кезде қажет рухани күштің әсерін сезінгендері белгілі. Бізге бүгін қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, адалдықтың, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр.

Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді. Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық – бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқандап қоңқылдағын Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан –Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрапсы екені сөзсіз.

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақа армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тарқан тағдырдың сайы емес, өзінің ежелге жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекетін құруға деген заңды құқығы бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», - деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр.

Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақа рухты елдің екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтерілуде. Өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды.

Жыл сайынғы ел Президентінің халыққа арнаған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Елбасы өз Жолдауында ішкі саяси мен ұлттық қауіпсіздіктің 2020 жылға дейінгі негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту екенін атап өтті. Саяси жүйені жетілдіруде құқықтық реформаның маңызды рөл атқаратынын, құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша құқық қорғау органдары функцияларындағы орын алған жағымсыз факт олардың сондай-ақ құқық қорғау жүйесі қызметіндегі мөлдірлік пен бақылаудың жоқтығынан туындағын проблемалардан арылудың қажеттігін атап көрсетті.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қаратаева Аружан

10-сынып, №250 мектеп-лицей

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы

Жетекші: Саршаева Айнур Конысбаевна

E-mail: ainulya_89@mail.ru

Елімнің бақытын тербеткен - Тәуелсіздік!

«Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса,
азаматтық намысың болса,
қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып,
көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет.
Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

Н. Назарбаев

Бір қаламның ұшымен жазылып, барша қауымның жүрегіне орнаған, бір ауыздан айтылып, кең өлкемді шарлаған осынау бір ыстық сөз, ыстық көңіл лебізі бүгін ғана емес, бар уақытта да қан-тамырымыздың лүпіл-бүлкіліндей естіледі бізге. Иә, бұл – бүкіл қазақ жұртының, дүйім Қазақстан елінің қызу құштарлықпен, сарқылмас сүйіспеншілікпен айтар, ардақ тұтар асыл лебізі. Ол – өлең, ол – ән, ол – сұлулық, ол – асқақ арман, ол – шалқыған дәулет, көркейген сәулет! Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында. Жарастығымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныштығымыздың да қиясы, махаббатымыздың да ұясы – Қазақстан.

Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Қазақстан - тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар. Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл тарих емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын. Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәттегі туған жерді, ата – бабаларының

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

кіндік қаны тамған топырақты құшырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде қалайша толқымассың?!

Міне, ежелден еркіндікті аңсаған азат халқымыз тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлайды. Қазақстан, тәуелсіз мемлекет ретінде, дүние жүзіндегі барлық елдерге түгелдей дерлік танылды.

Тәуелсіздік! Тәуелсіздік деген қастерлі сөз екен - ау!

Шыдамадым қапасқа,

Кеңшілікке қаштым.

Көндікпедім матауға,

Асау атша бастым.

Уһ, шырқап, зымырап,

Сұңқардай зулап ұшайын!

Ұшайын!-деп, дүние құндылығы бостандықта екенін Сәкен Сейфуллин атамыз да жырлап өтті. Бәрінен бұрын адамның жан дүниесі, рухы мен ар-ұжданы азаттықты тілейді екен. Сол халқым өз табиғатына тән тіршілік кешкісі келсе, несі айып? Ақыры бұғау біткенге сыймай, шідер біткенді шірей тартып, халқымыз тәуелсіз ел дербестігіне қол жеткізді.

Отан дегеніміз не? Отан сөзі — әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз. Менің туған жерім – Қазақстан Республикасы. Бұл – бай тарихпен, көне мәдениетпен және ерекше табиғатпен бүгінге жеткен Ұлы мемлекет. Осы тамаша табиғат-ай! Бурабайдың қатты қарағайлары, тың жердің алтын егіндері, Ұлы даланың ақшыл бетегесі – барлығы менің Қазақстаным. Менің Қазақстаным — елге ыстық қалаулы сонымен аяулы, маңызды, асыл. Ғасырлар бойы оның көп жауларынан қоныстандырып, меңгеріп, қорғап қалу және бүгін өміршең бізге мұраға тапсырылу үшін бабаларымызға керек болды. Еңбек, тер және қандар, қуаныш және бейнеттер неше өткен ұрпақтар үлесіне тиді. Жоңғарлармен соғыстар, патшалықтың қиын кезеңі, Ұлы Отан соғысы – қазақ халқы көп қайғыларды көзі көрді.

Әр Қазақстанның азаматы айрықша күнін есте сақтады және онымен мақтанады. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. Осы жылы біздің тәуелсіздігімізге 25 жыл орындалады. Сөз жоқ, Қазақстан халқы үшін ұлы күн. Бұл барлық еңбекқорлықтың, халықтардың достықтың нәтижесі.

Қазіргі Қазақстан – егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Әрине, бізге қайда ұмтылу бар. Ғылымды даму, ауылдарды демеу, жемқорлықты жою керек. Бірақ барлық Қазақстан жетістіктері алда болады. Мен сенемін.

Біздің елбасымыз – Н.Ә.Назарбаев, дана адам, шебер саясатшы, нағыз отаншыл. Ол – Ата Заңның гаранты. Біздің Ата Заңымыз – негізгі

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

тәуелсіздіктің нышандарының бірі. Қазақстанда өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар - ту, елтаңба, гимн. Олар егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз — Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз.

2016 жылдың 16 желтоқсанында – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке болмақ. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді.

Осы кезең ішінде не тындырдық? 25 жылда жеткен жетістіктеріміз қандай? Биыл осы сұрақтарға жауап беретін, өткен жылдарға қорытынды жасап, Мәңгілік Ел болуға бекінген мемлекетіміздің бүгінгі мен келешегі туралы ой толғайтын еліміздің есепті жылы десек, қателеспейміз.

Санаулы күндерден кейін біз азаттық туын желбіретіп, Тәуелсіз Мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басамыз. Бұл – тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету – оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді.

Әлемде заманның беталысы аса күрделі, қиын кезеңде тұрғаны әрбіріміздің санамызға еніп келе жатыр. Жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаһандық ахуал біздің көз алдымызда өзгеруде. Алпауыт елдердің текетіресі мен өзара санкциялар алмасу дүниені тұйыққа қарай бастауда. Біздің басты экспорттық өнімдеріміздің дүниежүзілік нарықтағы бағасы еселеп құлдырады. Бүгінгі ахуал – біздің жетістіктерімізді сынға салып, елдігімізді шыңдай түсетін уақыт тезі. Жауапты сәтте бірлігімізді сақтап, еліміздің игілігі үшін аянбай тер төгуіміз керек. Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін деген қағиданы ұстанып, еңбек етуге тиіспіз. Бұл - болашақ елшілері – біздердің міндетіміз деп білемін.

Сәт сайын құбылған аласапыран заманға сай амал болуы керек. Ең жақсы жоспар – уақыт талабына бейімделе алатын жоспар. Біз де заманның беталысына қарай межелерімізді белгілеп, жоспарларымызды жөндеп отырамыз. Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету! Әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру. Біз бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Бұл - біздің басты бағытымыз.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Мұратова Гүлдана

7 «А» сынып № 273 орта
мектеп, Қармақшы ауданы, Байқоңыр
қаласы, Қызылорда облысы
Жетекшісі: Бакиева Зинеш
E-mail: juldiz.abuovna@mail.ru

Тәуелсіздікті қорғайық!

Мен Байқоңырданмын, жетінші сынып оқушысымын, қазақ тілі мен әдебиет пәндерін жақсы көремін. Жақында әдебиет пәнінен көрнекті ақын Мұхтар Шахановтың «Нарынқұм зауалы» поэмасын оқыдық. Осындағы әкесінің ұлына айтқан сөзінде: «Мен сенемін күні ертең

Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем» - деген қатарларды оқығанда, менің ойыма кейіпкердің бұл айтылған сөзі осы күнге арналып айтылғандай көрінді. «Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша» дегенде уақыттың ұлылығының арқасында әділдік, бейбітшілік орнайды деген мағына жатыр емес пе?! Демек, халқының үлкен болашағын азаматтарымыз ежелден- ақ аңсаған. Отанын жауға шаптырмай, келешек ұрпақ үшін қасық қаны қалғанша шайқасып, жерді де, елді де ата-бабаларымыз қорғап қалды.

Өйткені, артында елі үшін аянбай күресетін, оны қорғайтын, сүйетін ұрпағының боларына сенді. «Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,

Оның тартар азабы да соншама» - деп айтады осы поэмадағы кейіпкеріміз. Бұл сөздер еліміздің егемендік алуы жолында жанқиярлықпен күрескен аға-апаларымызға арналып айтылған секілді. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы осының айғағы деп ойлаймын. Ұлтымыздың, жалпы Қазақстан деп аталатын үлкен мемлекетіміздің келешегін ойлаған еліміздің жастары алаңға шығып өздерінің жас ғұмырын құрбан етті, жастық жалын мен арман-мүделерінің тамырына балта шабылды. Атап айтсақ, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжанова, Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаевтар біздің болашағымыз, тәуелсіздігіміз жолындағы құрбандар. Сондықтан Тәуелсіздік туралы айтқанда, алдымен осы бауырларымыздың есімін атағанды жөн көрдім. Біз, жас ұрпақ - осы аға-апаларымыздың жолын жалғастырушылармыз, есімдерін болашаққа апарушылармыз. Қай халыққа да тәуелсіздік пен бостандықтың оңайлықпен келмейтіні белгілі. Біздің қазақстандықтар да тәуелсіздік жолында талай қиындықтарды бастан кешірді. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында халқымыздың тәуелсіздікке дейінгі жүріп өткен жолдары, еліміздің өткені мен егемендікке қарай басқан әрбір қадамын еске түсіресін. Осы уақытқа дейін біраз жетістікке қол жетті, елімізде көптеген ізгі өзгерістер, халқымызды қуантар жаңалықтар орын алып, болашаққа нық сеніммен қарайтын кез жетті. Халқымыз демократиялық негізде өзінің тұңғыш Президентін сайлады. Әрбір

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қазақстандықтың мүддесін қорғайтын жаңа Конституция қабылданды. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл статусына ие болды. Қазіргі Қазақстан – тәуелсіз де экономикасы нығайған, халқы әлеуметтік жағынан қорғалған, әлемдік қоғамдастықтар мойындаған дербес демократиялық мемлекет. Біздің ғасырлар бойы жасап келе жатқан ежелгі Отанымыз 25 жастағы жігіт тәрізді қарқынды күш-жігермен дамып, жас та жаңа деммен тыныс алуда. Менің Отаным саясына миллиондаған халықты паналатқан үлкен бәйтерек секілді. Әрбір жапырағы өз мәдениеті, өз тілі бар ұлттар болса, бір арман, бір мүддемен олар бірігіп, үлкен бәйтерек тамырынан нәр алады.

Иә, мен – қазақстандықпын. Бұл сөзді аса мақтанышпен, қуанышпен қайталап едім. Өйткені, әлемде бейбітшіл де еңбекқор, тілі басқа болса да тілегі бір халық – менің Отанымда. Әлем таныған өзіндік тарихы бар ғарыш айлағы – өзім тұратын Байқоңыр қаласы да менің Қазақстанымның мақтанышы, бір бөлшегі. Жақында ғана қаламыз Ю.А.Гагариннің ғарышқа сапарының 55 жылдық мерейтойын салтанатпен атап өтті. Түрлі ұлттан құралған қала халқы мерекелік шеруге шықты. Менің қаламда, менің Отанымда екі мемлекеттің - Ресей мен Қазақстан халқы тіл табысып, тату тәтті өмір сүріп жатырмыз. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын да бірге тойлайтын боламыз. Менің кішкентай қаламның өзі Қазақстан деген ұлы елдің достық пен бақыт мекені екенінің дәлелі деп айта аламын. Оны мақтан тұтамын да.

Тәуелсіздікпен тұспа – тұс келіп жатқан еліміздің атаулы күндері де аз емес. Мысалы, қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіровтың ғарыш көгіне көтерілгеніне де биыл 25 жыл толады. Семей сынақ аймағының жабылғанына да 25 жыл толып отыр. Маңыздысы, осы тәуелсіздікті алып келген Желтоқсан оқиғасына биыл 30 жыл толады екен. Біз, жас ұландар осы атаулы күндеріміз үшін Тәуелсіздікке, оған қол жеткізген халқымызға ризамыз. Тәуелсіз елдің лайықты азаматы болу, оны қорғау - біздің міндетіміз.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Өмірсерік Ербол

8-сынып, № 114 орта мектеп

Қызылорда обл. Жалағаш ауданы,

Каракеткен ауылы

Жетекшісі: Төремұратова Анар Қуаңбайқызы

e-mail:114_mektep@mail.ru

Тәуелсіздік –елімнің ерлік жолы.

«Терең білім-Тәуелсіздігіміздің тірегі,
ақыл -ой азаматтарымыздың алдаспаны»

Н.Ә.Назарбаев

Тәуелсіздік атты көкке телпегін,
Шаттанған жоқ, мақтанған жоқ ел тегін !
Қазағымның тұлғасын бір сомдайын,
Өткенін де, бүгінін де ертеңін !..

... Кеше мұңды, бүгін нұрлы даламыз,
Өлсек те осы даламызда қаламыз.
Ұлттық намыс бастау көзін ашқан –біз,
Халқымызбен, салтымызбен, асқармыз.
Сексен алты желтоқсанын жаңғыртып
«Қазақ» деген, «Азат» деген жастармыз.

Біз - тарих пен тағдырдың бұралаңы көп жолдар мен ғасырларға
созылған ұзақ уақыттағы қиыншылықтардың барлығын басымыздан өткеріп,
көріп келген елміз. Бүгінгі күні тәуелсіздікке қолы жеткен егеменді елміз.
Бұл бізге оңайлықпен келген жоқ. Бізге берген құдайдың бағы да емес, сыйы
да емес. Ата-бабамыздың ұрпағым, елім, жерім деп армандап өткен, сол
үшін талай тер төгіп, талай қан төгіп, мың өліп, мың тіріліп жүріп, өзім
жетпесем де ұрпағым жетсе екен деп армандап өткен еңбегінің жемісі. Мұны
осы жиырма бес жыл ішінде есті адам есіне алып түсінетін тарихи даму
жолы.

Сол бабаларымыздың ұлағаты мен арманын жалғастырудағы,
аманатын орындаудағы нақты дәлел - 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы деп
ойлаймын. Сол кезде жастардың толқуы басталмаса, бұл тәуелсіздік осылай
болар ма еді, әлде болмас па еді?

Бұл –халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасқан ұл-қыздарының, асыл
жүректі, асқақ рухты ақиық перзенттерінің күрес жолы

Тәуелсіздік келген жоқ

Бізге оңай.

Талай тағдыр тауысып талқандарын,

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Талай-ғұмыр қиылған,
Талай...
Талай...

Иә, бұл Тәуелсіздік халқымызға оңайлықпен келген жоқ, ол ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының дабылды, дауылды күресінің заңды жалғасы еді. Жүректерімізде батпандаған мұң, қатпарланған қасірет тоң болып қатып, шер болып басып жатты емес пе?! Елдің қаншама ардагер перзенттері осы Тәуелсіздіктің өзі емес, тек сәулесі үшін қанын төгіп, жанын пидә етті десеңізші?!

Желтоқсанның мұзда жанды алауы,
Қолдарында ұстаған бір жалауы.
Ербол, Қайрат, Ләззат пенен Сабира
Тәуелсіздік болғаны еді қалауы, - деп ақын
жырлағандай, Желтоқсан оқиғасы - халқымыздың бастан кешкен тарихының бір кезеңі. Ол тарихта мәңгі қалады, ұмытылмайды.

Бүгінгі ұрпақ біздер - Тәуелсіздік дегенді әр жыл өткен сайын терең түсініп келеміз. Өз елің, өз жерің, өз Отаның бары бәрінен артық екен. Оны мен мына бір әңгімеден терең түсінгендей болдым. Бір күні теледидардан шет елдегі қандастарымызға барып, жолығып әңгімелескен қазақстандық тілшілеріміздің әңгімесін естідім.

Сонда шетте жүрген қандастарымыз былай деді:

Қазақстан тәуелсіздігін алғалы шетте жүрсек те, «бізде Отан бар, ел бар, туған жеріміз - Қазақстан» деп, еңсемізді көтеріп еркін тұрып жауап береміз дегенде, шынында жүрегің шымырлап, айналайын өз елім-ай, - деп жұдырықтай жүрегіміз қуанышқа бөленеді.

Еркіндік үшін жеңіс - бүгінгінің жемісі. Біздің қазақ халқы өте төзімді, шыдамды, қайсар, батыл, ер халық деп ойлаймын. Біз тарихтан қарап отырсақ, бабаларымыз өмірден өзі жылап өтсе де, жері мен елін ұрпаққа тапсыруды, өмірлері өксімей өз еркімен өмір сүрсе деп еркіндікті ойлады. Міне, сол өткен күрестер жеңісі бүгінгінің жемісі болып жалғасын тапты.

Біз өткен күрестер жеңісінің арқасында бүгін міне, тәуелсіз ел болып, еркіндікте жүрміз. Елімізді бастап ұрпаққа жол көрсетер Президентіміз бар. Президент - еліміздің, өміріміздің айнасы. Ел бірлігін, Отан тыныштығын жан-жақты қарастырып отырады. Біздің Президентіміз өте ақылды, көреген, келешекті болжағыш адам.

Тәуелсіз Қазақстан көп ұлтты, кең байтақ жері бар, жерінің асты-үсті толған байлыққа ие. Осындай алып та алуан түрлі ұлт, дін өкілдерінің басын бір шаңырақтың астында біріктіріп, оларды келешекке нық сеніммен бастай білу әрбір басшының тағдырына жазыла бермесі анық. Елбасы - тәуелсіздіктің тірегі. Жаңа дәуірден, қиын-қыстау тың жолдан Қазақстанды сүріндірмей, адастырмай алып жүрер – Елбасы деп ойлаймын.

Елбасы күні бүкіл елдің күні,

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ұлы Отан туып-өскен жердің күні.

Көтерген Тәуелсіздік туын көкке,

Ел сүйген, елін сүйген, Ердің күні.

Жалпының секілденген жарық күні

Елбасы күні бүкіл халық күні

Қашанда көкке биік көтеретін

Елбасы ел мерейі, халық туы, - деп, ақын ағамыз
жырлағандай, ел үміті ертеңде, ертеңнің кепілі Нұрсұлтан ағамызда.

Міне сол іскерлікпен жиырма бес жылдың ішінде Елбасымыз арқылы
әлемге әйгілі дүние жүзі таныған өркениетті ел қатарына қосылып келеміз.

Осынау сындарлы кезеңде замана жүгін қайыспай көтеріп, тәуелсіздік
жүгін алға жетелеген, кезінде «ұлттар лабораториясы» атанған
Қазақстандағы барлық ұлттарды татулықпен келісімге шақырып, «Қазақстан
халықтары ассамблеясын» құрып, ортақ келісімге қол жеткізуі Елбасының
көреген саясаты деп білемін.

«Қазақстан -2030» стратегиясын қабылдауы – біздің болашағымыз
үшін айқын мақсаттардан туған өміршең ұсыныс деп білемін.

Елбасының шетелдерге әрбір сапары қанатымен су тасыған
қарлығаштың тірлігіндей ел қамы екені даусыз.

«Тәуекел болмаса, тәуелсіздік бола ма?» - деп сонау 1997 жылы
Астанаға мемлекетіміздің бас қала мәртебесін беруінің қандай ұтымды
болғандығын айтып жеткізгісіз емес пе?

Қазақтың алтын діңгек, биік бәйтерек, орнықты Орда болған
Астанамыз - Есіл бойында қанатын кең жайып, сәулетті де сәнді Ордаға
айналды. Ордамыз - Астанада талай-талай мамандық алатын білім ошақтары
құрылып, мыңдаған жастар білім алуда. «Жүйріктен жүйрік озар
жарысқанда» демей ме халқым, сол сияқты талай өнерпаздар өнер шыңына
шығуда.

...Астана ! Астана ! -деп Аққу ән сап... Аққу қанат Астана қанатын
жайып, дәулет пен сәулеттің оты ошағында жанып, жан-жағына шұғыласын
шашқаны кімге болса да аян.

Жас ұрпақ біздер де ертеңімізді Елбасымызбен, оның нұсқаған басым
бағыттары арқылы елестете аламыз.

Өйткені, бүгінгі ұрпақ-елдің ертеңі. Біз еліміздің төл перзентіміз. Жас
мемлекетіміздің жаңа түлегіміз, жаңа тағанымыз. Туған жердің тұғырына
қонар жас қыранымыз. Біз бірінші сыныптан бастап тәуелсіз ел, егеменді ел,
еркіндік ел, бостандық дегенді сезініп өстік, көрдік, білдік. Ұстаздарымыз,
өмір көрген ата-әжелеріміз үнемі ұқтырып, үйретіп келеді.

Барлық әніміз де, жырымыз да Отан үшін, туған жер үшін арналып
келеді. Өткен тарих беттерінен өткен өмір мен бүгінгіні салыстырып түсіне
білдік. Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулармен қиындықты жеңу
үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім,

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

талант пен талап керек. Тәуелсіз өркениетті елімізге білімді мамандар, елі мен жері үшін тәуекелге бара алатын нағыз отансүйгіш адал, «желтоқсан» жастарындай азаматтар мен азаматшалар керек екенін түсіндік.

Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етіп, әлем таңқалар, талай-талай жаңалық ашар білімділер керек екенін түсіндік. Осы тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінімізді ертеңге жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенін сезіндік.

Бүгінгі ұрпақ - өз болашағына сеніммен және батыл қарауы тиіс. Елбасы «Қазақстанның болашағы жастардың қолында» деген болатын. Өз басым болашағыма үлкен сеніммен қараймын және болашағымның жарқын болуы үшін терең білім, адамгершілік сенім арқылы жетуді мақсат тұтамын. Ол сапарда қолыма ұстар жолдама, алға бастап бағыт-бағдар сілтер «Нұрлы жол» жолдауы.

Ел бірлігі – біздің табыстармыздың кілті. Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын! «Нұрлы жол» жолдауы табысқа толы болсын!

Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы болып, егемен елдің ұрпағының еңсесі биік болсын! Тәуелсіздік тұғыры берік болсын!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Пахреддин Сания

7 «А» сынып, № 275 мектеп,
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,
Байқоңыр қаласы
Жетекшісі: Мендибаева Лаззат Алимжановна
Ұялы тел. 87054494163
E-mail: Lazzat-06-67@mail.ru

«Өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне бөленіп,
біртұтас отбасы сезімін сезінуге,
қазір бүкіл дүние жүзі білетін республика
Туын, Елтаңбасын, Гимнін ардақтап, құрметтеуге тиіспіз».
Н.Ә.Назарбаев

Тәуелсіздікке 25 жыл

Егемендік, тәуелсіздік, азаттық - неткен әсерлі, жанға жағымды сөздер. Тәуелсіздік қуантады, жаныңды жадыратады. Ал егемендік, азаттық ол бізге оңай келмегенін біз ешбір естен шығармауымыз керек. Ол естелік, қазақ тарихы, өткеннің ізі десек те болады.

Ата-баба аңсаған азаттық көптеген ғасырға, көптеген кезеңге созылды десек қате болмас. Ал бізді осы тәуелсіздігіміз үшін күреске 1996 жылғы желтоқсан көтерілісі бірден-бір себеп болды.

Содан бері біз 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздігін тойлаймыз. Қазіргі кезде көзді ашып-жұмғаншада 25 жыл өтті.

Міне, бүгінгі таңда Қазақстан Егеменді тәуелсіз дербес ел деп мақтанышпен айта аламыз. Бүгінгі таңда Қазақстан дамыған 50 ел қатарында. Біздің еліміз күн санап қарқындап өсіп келеді. Керемет кеудемді қуаныш кернейді, осындай азаттық таңы жарқыраған елде туылғаныма өзімді бақытты сезінемін.

Жаңа ғимараттар, гүлденген, құлпырған қалалар. Астана - бұл біздің көптеген жетістіктеріміздің ішіндегі ауыз толтырып айтарлық мақтанышымыздың бірі.

Тағы қуантары біз егеменді, бейбіт, тату елде тұрамыз. Қазақстанның болашағы жарқын, біздің мүмкіндігіміз шексіз.

Біздің ұлан байтақ еліміз азат, тәуелсіз. Енді біз осындай тәуелсіз елде еңбек етіп, алға ұмтылмауға қақымыз жоқ.

Маған тәуелсіздік егеменді елім деген сөзді айтудың өзі еріксіз жанды тебірентеді.

Тәуелсіз Қазақстан, мен сені сүйем! Мәңгі желбіресін көк байрағым!
Жадыра, жайнап өсе бер!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тәуелсіз мемлекетпіз біз бүгін,
Ешқашан ұмытпаймыз жеңіс күнін.
Қасиетті он алтыншы желтоқсанды,
Қуанышпен тойлаймыз біз бүгін.
Ешқашан жалқаулыққа басымбай,
Біздің қазақ, біздің қазақ осындай.
Қанша уақыт қиыншылық болса да,
Құр босқа жеңілдім деп отырмай.
Үлкен алғыс мына менің өлкеме,
Туған жерге, қасиетті еліме.
Біз –Отанның қорғанышымыз бүгінгі,
Ержеткен соң қорғау болам еліме!- деп көкейімде жүрген өлең
шумағыммен шығармамды аяқтаймын.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сағатова Феруза

10 сынып, №37 орта мектеп

Қызылорда облысы

Сырдария ауданы, Шаған ауылы

Жетекші: Жаңабай Ардагүл

«Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса,
қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан
теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»
(Н.Ә.Назарбаев)

Бір қаламның ұшымен жазылып, барша қауымның жүрегіне орнаған, бір ауыздан айтылып, кең көлемді шарлаған осынау бір ыстық сөз, ыстық көңіл лебізі бүгін ғана емес, бар уақытта да қан тамырымыздың лүпіл-бүлкіліндей естіледі бізге.

Иә, бұл – бүкіл қазақ жұртының, дүйім Қазақстан елінің қызу құштарлықпен, сарқылмас сүйіспеншілікпен айтар, ардақ тұтар асыл лебізі. Ол-өлең, ол-ән, ол-сұлулық, ол-асқақ арман, ол-шалқыған дәулет, көркейген сәулет! Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында. Жарастығымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныштығымыздың да қиясы, махаббатымыздың да ұясы-Қазақстан!

Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз - Қазақстан!

Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәттегі туған жерді, ата-бабаларының кіндік қаны тамған топырақты құшырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде қалайша толқымассың?

Міне, ежелден еркіндікті аңсаған азат халқымыз тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлайды. Қазақстан-тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзіндегі барлық елдерге түгелдей дерлік танылды.

Бәрінен бұрын адамның жан дүниесі, рухы мен ар-ұжданы азаттықты тілейді екен. Ақыры бұғау біткенге сыймай, шідер біткенді шірей тартып, халқымыз тәуелсіз ел дербестігіне қол жеткізді.

Тәуелсіздік-ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік-арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба жолымен алдық деп ойлаймын (Н.Назарбаев).

1991 жыл-еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне, 25 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі-ең алдымен халқымыздың бақыты.

Қазақстан - қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған жөн.

Барлық игіліктерден ең ұлы – тәуелсіздік (У.Годвин).

Отан дегеніміз не? Отан сөзі-әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз...

Менің туған жерім - Қазақстан Республикасы. Бұл-бай тарихпен, көне мәдениетпен және ерекше табиғатпен қалыптасқан ұлы мемлекет.

Қазіргі Қазақстан - егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет.

Тәуелсіздік - бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз-Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары.Тәуелсіз болу-өз тағдырына жауап беру деген сөз.

Ақыр соңында, әр Қазақстан Республикасының азаматы не істеу керек? Ол мемлекеттік тілін білу, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеу, өз Отанын қорғау керек. Себебі Қазақстан - біздің ортақ үйіміз, біздің Отанымыз...

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ұзақбаева Аяжан

7 «Б» сынып, № 275 мектеп,
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,
Байқоңыр қаласы.

Жетекшісі: Мендибаева Лаззат Алимжановна.
Ұялы тел. 87054494163.
Lazzat-06-67@mail.ru

«Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі қазақ халқының сан ғасырлар бойы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр».

Н.Ә.Назарбаев

Тәуелсіздік бізге оңай келмеді

Тәуелсіздік тұғырына,
Тұрақтаған біздің ел.
Тәуелсіз ел баласымын,
Мақтанышым менің бұл.
Мәңгілік ел Қазақстан,
Менің байтақ жерімсің.
Көк аспанда әрқашан,
Көк байрағың көрінсін!

Биыл тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл толды. Ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздік. Апа-ағаларымыз қанын төгіп, күрес арқылы келген тәуелсіздік. Егеменді ел болу үшін қаншама апа-ағаларымыз өз өмірлерін қиып кеткен. Сол себепті бізге, келер ұрпаққа, ешкімге тәуелді болмай, еркін өмір сүру мүмкіндігін сыйлады. Өз өмірі үшін емес, егеменді ел, тәуелсіз ұлт болу үшін күресті.

Міне, сол күрестің нәтижесін көріп отырғанымызға 25 жыл толып отыр.

Мен - тұғыры биік, болашағы жарқын тәуелсіз Қазақстан ұрпағымын. Қазақстанда қазақ баласы болып туылғанымна қуанамын.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев атамыздың көшбасшылығымен апарар жолы айқын да жарқын екеніне сенемін.

Президентіміз жүрегі - елім, жерім деп соғатын, бағыт - бағдарын дұрыс таңдаған қазақ халқының жарық жұлдызы.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

1986 жылы егемендік үшін жандарын қиған аға-апаларымыздың қанды жолында құрбан болған есімдері біздің есімізде мәңгілік сақталады. Біз, келешек жастар туған елін, жерін сыртқы жаудан қорғап, сүйетін еліміздің ертеңіміз.

Он алтыншы Желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн.
Қазағымның басына бақыт құсы қонған күн,
Елім, жерім, ұлан байтақ кең далам.
Пейілі кең қазағымның жайнаған,
Мақтана алам тәуелсізбін деп бүгін.
Жүрегімді қуаныш кернеп сайраған.
Осы өлең шумағы еріксіз ойыма оралды.

Біз - осы елдің бақытты балаларымыз. Байрағымызды төмен түсірмей, егемендігімізді әрі қарай жалғастырушы біздерміз.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Шахмұрат Бағжан Бағланқызы

5 «В» сынып, №1 мектеп-гимназия

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Жетекші: Қазбекова Жанар Жұмадилдақызы

e-mail: mectep1@mail.ru

Тәуелсіздік-қиялымның қанаты

Адамзат ұрпағының тарихи тағдыры қилы-қилы болғанымен, жүріп келе жатқан даңғылы жалғыз. Сонау есте жоқ ескі күндерден бүгінгі дәуірімізге дейінгі аралықта адам баласы басынан кешірген барша аламан-сүргіндердің астарында жалғыз ғана сыр түйлі. Ол-дүние дидарындағы барша ұлттар мен ұлыс атаулының азаттығы мен мемлекеттігі жолындағы қастерлі күресі. Осы қасиетті сапарда жеңіске жетіп, байрағы көкке шаншылып, қабырғалы мемлекет, қазанды халық болып қалыптасқандар да, жер бетінен біржола жойылып тыңғандар да аз емес. Ата-бабалары ұлы тарих сахнасында от кешіп жүріп орда тігіп, бүгінгі күні Отансыз қалған ұлттар қаншама?

Құдайға шүкір, біздің қабырғалы қазақ жұртының несібесі зор екен. Дүниені таңырқатқан кешегі Кеңес Одағының шаңырағы шайқалып, қабырғасы қақыраған тұста он бес Одақтас Республика құрамынан шығып, алғашқылардың бірі болып, егемендігін жарияға жар салған Қазақстанды бұл күнде әлем таныды. Ат төбеліндей аз ұлтты осындай бейбіт күнге жеткізу үшін бабаларымыз қан төкті, жан берді, ғазиз ғұмырларын құрбан етті. Туған жердің ұлтарактай бөлігін жат қолына жібермеу үшін абзал аналарымыз да атқа қонып, қолына қару ұстады. Ендік бойын жайлай көшіп, "аттың белі, атанның қолында" жүріп-ақ кемел мәдениет, озық салт-сана қалыптастырған, көргенді ұрпақ тәрбиелеген сол абзалдар Тәуелсіздік таңының арайлап атқан шапағын аңсаумен өтті. Сол үшін де күндіз-түні ат үстінде терілігі кепкен жоқ, бейбіт жағдайда, жағасын жайлауға салып, бел шешіп, бір отыра алмаса да келбеті керім келешектен күдерін үзбеді.

Міне, қасиетті қазақ даласында аспан түстес туымыздың желбірегеніне жиырма бес жыл толды. Тарих үшін сүт пісірімдей ғана уақыт болғанымен, қазақ баласы үшін осы жылдарымыздың әр минуты, сағаты, күні мен айы қымбат. Абзал әкелеріміздің қанына, ғазиз аналарымыздың сүтіне шыланған Тәуелсіздік ұғымы ұлы тарих босағасын осылай аттаған еді. Сөйтіп барып төрімізге озып, әлем жұртының алдында бақ-несібемізді, атақ-абыройымызды, бедел-даңқымызды асқақтатқан. Болашақ ұрпақ, келер буын ең бірінші осыны ұмытпауы керек. Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі.

Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. 1991 жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанды. Шын бағасын иеленбеген желтоқсан көтерілісін жай оқиға деу қиянат екенін

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

дауыстап айтуға мұршамыз келеді. Мұстафа Ататүрік айтқандай, «шынжырларды балқытып, тәжбен тақты күйрететін күшті нұр - ұлттық егемендігімізге қолымыз жетті».

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің

Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы! – деп ақын жырлағандай, желтоқсанның мұзға жаққан алауы, 1991- жылы 16желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Тәуелсіздік — халықтың үні, ұлттың тілі мен діні. Тәуелсіздік — халықтың тойы, елдің тойы. Қалың Қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой. «Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 25 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» — деп, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды.

Туған Отанымыз жер жүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде демократиялық өрениетті даму жолына түсті. Үш ғасырға созылған ата-бабамыздың арманының жүзеге асқаны, оған өзімнің куәгер болғаным — мен үшін шексіз қуаныш. Мен өз халқымның ешкімге нақақ қиянат жасамағанын мақтан етемін, ал, қиянат жасамағанға Алланың көзі түзу. Біздің қолымызда қанның емес, тердің иісі бар. Демек, біз — жасампаз халықпыз.

Қасиетті Отан ұғымы — қандай кезде де, қандай қиындық пен қуанышта да, тіпті отаршылдықтың тар қапасында тұншығып жатқанда да, ел басына күн туған аласапыран шақтарда да, және бүгінгідей тәуелсіздіктің бейбіт те шуақты күндерінде де — әрқашан да бәрінен де биік тұрады. Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те, ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз — Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды еткей!

Тамырын тереңге жайған тарихыма көз жіберер болсам, сананы талай ой тұңғығына батырып, көкейге талай сұрақтың келетіні рас. Мысалы, "Біз кіміз?", "Жұмыр жер бетінде қашан пайда болдық?", "Қай жерді мекен еттік?", "Тіліміз, мәдениетіміздің деңгейі қандай?". Біз Өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен сақтан қалған сарқыты, ғұннан қалған

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жұрнағы, үйсіннің жүріп өткен ізіміз. Біз қазақпыз! Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы сынға түскен жаугершілік заманда, яғни, 1458 жылы Әбілқайыр хандығынан іргесін бөлген Жәнібек пен Керей сұлтан Моғолстан жеріне Шу бойы мен Қозыбасқа ең алғаш еркіндіктің ақ жалауын тіккен едік.

Он бес отауды біріктірген қара шаңырағымыз 1991 жылы ыдырады. Шығыстан алтын күн нұрын төгіп, еркіндіктің самалы есті. Көңіл көк аспанындағы қасірет бұлты сейіліп, әнші бұлбұл шаттықтың әнін шырқады. О, өмірге жаңа сәби келді. Ол енді тәуелсіз елдің ұрпағы. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғанда, осы дүние есігін ашқан күнәсіз пенде. Тал бесіктен жер бесікке дейін өз қалауынша тіршілік етеді. Осы сәбидің күні ертеңгі тағдыры үшін боздақтарым жанын қиған. Асқақ арманға қол созып бүгінгі бейбіт уақытты көре алмай кеткен асылдар қаншама?! Ағы мен қарасы, жақсы мен жаманы, жасығы мен жасампазы егіз ұғым болған жаңа ғасырда сап алтындай баға жетпес байлығымыз ұлт құндылығын берік сақтауымыз керек.

Отан дегеніміз не? Отан сөзі - әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз. Менің туған жерім – Қазақстан Республикасы. Бұл – бай тарихпен, көне мәдениетпен және ерекше табиғатпен ұштасқан ұлы мемлекет. Осы тамаша табиғат-ай! Бурабайдың қатты қарағайлары, тың жердің алтын егіндері, Ұлы даланың ақшыл бетегесі – барлығы менің Қазақстаным. Әр Қазақстанның азаматы айрықша күнін есте сақтады және онымен мақтанады. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. Бүгінгі күні біздің тәуелсіздігімізге 25 жыл толып отыр. Сөз жоқ, Қазақстан халқы үшін ұлы күн. Бұл барлық еңбекқорлық халықтың достық нәтижесі. Қазіргі Қазақстан – егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Әрине, бізге қайда ұмтылу бар. Ғылымды даму, ауылдарды демесу, жемқорлықты жою керек. Бірақ барлық Қазақстан жетістіктері алда болады. Мен уәде етемін. Біздің елбасымыз – Н.Ә.Назарбаев, дана адам, шебер саясатшы, нағыз отаншыл. Біздің Ата Заңымыз – негізгі тәуелсіздіктің нышандарының бірі. Қазақстанда өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, әнұран. Олар егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз — Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз. Ақыр соңында, әр Қазақстан Республикасының азаматы не істеу керек? Ол мемлекеттік тілін білу, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеу, өз Отанды қорғау керек. Себебі, Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің Отанымыз. Қазақстан — қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.